- **Семинарлар:** Ата-аналарды балалардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыру жұмысы тоқсанына 1 рет өткізіледі. Онда оқушылардың әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша ақпарат беріледі. Онда Ювеналды полиция Департаменті, «Ата-аналар қоғамдастығы», «Әкелер кеңесі», «Қамқоршылық кеңесі», «Право» ҚҚ қызметкерлерінің қатысуымен семинарлар жүргізіледі.
- **Заңгерлік кеңестер:** Заңгерлермен бірге ата-аналарға құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру мақсатында 3 күндік оқыту семинары өткізілді.
- **Мерекелер мен байқаулар:** Мектепте өткізілетін іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Мысалы: «Ата-анаммен әдебиет әлемінде», «Әжемнің ертегісі», «Ата-анаммен бір күн», «Ең епті, ең батыл, ең күшті» 1 сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған тимбилдинг, «Әкем, анам және мен», «Аналар мерекесі», «Наурыз мерекесі», «ЭКО-квест», «Отбасылық ағаш отырғызу» акциясы, «Шеберлік сабақтар» секілді іс-шаралар мен акциялар ата-аналардың қатысуымен іске асырылып отырды. Сонымен қатар, ата-аналар жиналыстарына оқушылардың шығармашылық байқауларда жеткен жетістіктерінің нәтижесімен бөлісіп, оқушылар өнерлерін көрсетіп отырады.

Қорытынды

Ата-аналармен жұмыстың ұйымдастырылуы мектептің білім беру процесін жетілдіруге, оқушылардың дамуына және олардың отбасымен байланысын нығайтуға бағытталған. Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Ұсыныстар:

1. 2025-2026 оқу жылында ата-аналармен жұмысты төмен деңгейде ұйымдастырған Өмірзақ М.А., Донбаева Ж.Е., Сарина Х.Б., Бильтаева М.С., Камалиденова Г.Б., Устенбеков А.С., Утегенова А.Т., Төлеген М.Т., Орымбаева Г.М. сынып жеткшілердің жұмысын бақылауға алу.
2. 2025-2026 оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын (бұйрық, жоспар, ата-ана тізімі, құрамы, хаттамалары) жандандырылсын.

Қауіпсіздік сабақтарының жүргізілу тиімділігі

Қараша айында сынып жетекшілердің сынып сағаттарында қауіпсіздік минуттарын өткізуі бойынша тексеру жүргізілді. Тексеру барысында олардың қауіпсіздік мәселелерін балаларға дұрыс түсіндіруі, оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатындағы іс-шараларды өткізуі басты назарда болды. Қауіпсіздік минуттары – оқушылардың өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға бағытталған маңызды жұмыс.

- Сынып жетекшілері сынып сағаттарында оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін қауіптер мен олардың алдын алу шараларын түсіндіреді.
- 18.11.2024ж 10 «А» сынып жетекшісі Молдаханова С.А. «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Онда 10 мин қауіпсіздік тақырыбы қозғалды. Балалардың буллингке ұшыраған жағдайда қандай көмекке қол созу бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сынып сағаты уақыты, күнделікте көрсетілген күнмен сәйкес келмейді.
- 18.11.2024ж 10 «Г» сынып жетекшісі Боранбаева Б.К. «Жасөспірімнің жеке шекарасы» «Защити себя от буллинга!» тақырыбында сынып сағаты өтілді. 10 минут «Телефонные номера экстренных служб и телефон доверия» бойынша оқушыларға төтенше жағдайлар орын алғандай қандай қадамдар жасау бойынша түсінік беріп, ролик арқылы мысалдар көрсетті.
- 19.11.2024ж 11 «Ғ» сынып жетекшісі Жашибай С.Д. «Халықаралық толеранттылық күні» тақырыбында сынып сағатын өткізді. «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату» тақырыбында қауіпсіздік сағаты өтілді.
- 21.11.2024ж 8 «Д» сынып жетекшісі Бильтаева М.С. «Балалардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында сынып сағаты өтті. «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты таратудың қаупі» тақырыбында қауіпсіздік сағаты өтіліп, видео көрсетілді.
- 22.11.2024ж 1 «Е» сынып жетекшісі Сибанова Г.Е. «Защити себя от буллинга!» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Сынып сағатында 10 мин «Егер көшеде бейтаныс адам көмек сұраса, не істеу керек?» тақырыбында оқушыларға түсінік берді.

Қауіпсіздік минуттары жас ерекшеліктеріне сай әртүрлі тақырыптар бойынша өтілді: өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы қауіпсіздігі, табиғи апаттардан қорғану, тұрмыстық жаракаттардың алдын алу, психоэмоционалдық қауіпсіздік және т.б.

Сынып жетекшілері балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ақпаратты қолжетімді және түсінікті түрде жеткізе білді.

Сынып жетекшілердің басым көпшілігі өткізілген әрбір қауіпсіздік минутын журналға енгізбеген. (электронды журналға енгізілмеген, тәрбие жоспарларында бар).

Қауіпсіздік минуттарына барлық оқушылардың қатысуын қадағалау маңызды. Бұл үшін сынып жетекшісі оқушылардың қатысуын арнайы журналдарда немесе тізімдерде белгілейді. Әрбір оқушының қауіпсіздік бойынша алған білім деңгейі бақылауда болуы тиіс. Қатысу көрсеткіштері мен оқушылардың қауіпсіздік ережелерін түсіну деңгейі сынып жетекшілерінің жұмысын бағалау критерийлерінің бірі болуы мүмкін. Қауіпсіздік мәселелері бойынша ата-аналармен тұрақты байланыс орнатып отырады. Оқушыларға қауіпсіздік бойынша ақпаратты мектептен тыс жерде де тарату үшін ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігі туралы арнайы ақпараттық парақшалар мен үндеулер берілуі мүмкін.

Оқушылардың өзара жауапкершілігін арттыру.

Сынып жетекшісі балаларды қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелей отырып, оларды осы тақырыпта өзара пікірлесуге және бір-біріне көмек көрсетуге шақырады.

Оқушылар арасында «құтқарушы» немесе «қауіпсіздік көшбасшысы» рөлін белгілеу, олардың қауіпсіздік шараларына жауапкершілікпен қарауына ықпал етуі мүмкін.

Қорытынды: Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында қауіпсіздік минуттарын өткізуі оқушылардың денсаулығы мен өмірін қорғауға бағытталған маңызды шара болып табылады. Бұл жұмыстарды тиімді өткізу үшін сынып жетекшісі балалардың жас ерекшеліктеріне сай қауіпсіздік мәселелерін толыққанды қамтып, олардың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін түсінуге және оларды күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беруі тиіс. Әрбір сынып жетекшісінің жұмысы мұқият бақылауды және құжаттаманы талап етеді, бұл жұмыстың сапасын және оқушылардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Ұсыныстар:

1. Құжаттамалардың дұрыс рәсімделуін тексеру жұмысы 2025-2026 оқу жылында жалғасын тапсын.
2. Оқушылардың алған білімдері бойынша арнайы тестілеу немесе бағалау жүргізу жоспарлансын.

Мектеп талаптарының орындалуы

2024-2025 оқу жылында міндетті мектеп формасы талаптарының орындалмауы бойынша ай сайын рейд жүргізілді. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына сәйкес мектепшілік бұйрық шығарылып, комиссия мүшелері тағайындалды. Сонымен қатар, міндетті мектеп формасының талаптарын сақтау жөніндегі кеңес құрылды. Рейд барысында мектеп талаптарын мүлдем орындамай отырған 13 оқушы анықталды. Мектеп формасына қатысты

ата-аналар мен оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Білім басқармасына аталған тәртіп бұзушылықтар бойынша ақпарат берілді. Сынып жетекшілер АКТ толтырып, оқушылармен әңгімелесулер жүргізді. Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары ата-аналармен әңгімелесулер жүргізіп, хабарламалар жіберіп отырды. Оқушылардың 8 % міндетті мектеп формасын сақтамайды. Оның себептері: мектеп формасының жуылып кеппей қалғандығы (сылтау), мектеп формасының кішірейіп қалуы, кей жағдайда тиісті форманы сатып алмағаны.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында мектептің «Жарғысы» мен «Ішкі тәртіп ережелеріне» бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оның ішінде міндетті мектеп формасы талаптары да қарастырылған. Бұл өзгерістер бойынша барлық 1-11 сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарында ата-аналарды ақпараттандырды. Сынып жетекшілерге ең алдымен Қазақстан Республикасы «Білім» туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі заңын негізге алып жұмыс жасауы керектігі ескертілді. Бұл заң білім беру жүйесін реттейді, оқушылардың мектепке келу тәртібін, оқушылардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мектептегі тәртіп ережелерін қамтиды. Сондай-ақ мектептің Жарғысы, Ішкі тәртіп ережелері, ата-ана мен мектептің келісім шарты секілді құжаттарды негізге ала отырып жұмыс жасау айтылды. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына сәйкес талап етуге болады. Кез-келген мектепте болған оқыс жағдай немесе келеңсіз оқиғаларды әрекет ету алгоритмі арқылы мектеп әкімшілігіне хабарлау керектігі ескертілді.

Ұсыныстар: 2025-2026 оқу жылында 7Ж, 7К, 7Л, 7М, 8Д, 8Е, 9З, 9И, 10Д сыныптарының міндетті мектеп талаптарын орындауы бойынша қатаң қадағалауға алынсын.

Тәрбие деңгейін диагностикалау

Тәрбие ортасын жақсарту бойынша жұмыс шеңберінде 01.11.2024-30.11.2024ж аралығында оқушыларды тәрбиелеудің төмен деңгейі байқалатын сыныптармен мақсатты түрде жұмыс жүргізілді. Бұл жұмыстың міндеті тәртіп деңгейін арттыру, моральдық-этикалық ахуалды жақсарту, позитивті қарым-қатынас пен мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болды. Бұл сыныптардың тәрбие деңгейі төмендігі, тәртіпті бұзудан, мектеп Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережелері талаптарын орындамаудан, агрессивті мінез-құлықтан, оқуға деген ынтаның төмендігінен, сондай-ақ мұғалімдер мен құрдастарына деген құрметсіздіктен көрінеді. Сынып ішінде де, оқушылар мен мұғалімдер арасында да қақтығыстар кездесіп тұрады. Бұл оқу процесіне теріс әсер етеді, оқу материалын игеру сапасын төмендетеді. Мұндай сыныптармен жұмыс істеудің негізгі мақсаттары:

- Қолайлы тәрбие атмосферасын құру.
- Өзін-өзі ұйымдастыру және тәртіп деңгейін арттыру.
- Ұжым ішіндегі оқыту мен қарым-қатынасқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.
- Жанжалды жағдайлардың алдын алу және шешу.

Мұғалімдердің алдына қойылған міндеттер:

- Тәрбие мен мінез-құлықтың төмен деңгейінің себептерін бағалау.
- Мінез-құлық проблемалары бар оқушыларға жеке көзқарасты қолдану.
- Этикалық нормалар мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыру.

-Қосымша тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру (дөңгелек үстелдер, тренингтер, психологиялық-педагогикалық консультациялар).

3. Әдістеме және жұмыс әдістері:

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі әдістер қолданылды:

- **Психологиялық сүйемелдеу:** мектеп психологының оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмысы, жанжалды жағдайларды диагностикалау және ұсыныстар беру.
- Жеке әңгімелер: мінез-құлқында проблемалары бар оқушылармен, сондай-ақ шешімдерді бірлесіп іздеу үшін ата-аналарымен.
- Топтық сабақтар мен тренингтер: әлеуметтік дағдыларды, эмпатияны, жанжалдарды шешудің тиімді әдістерін дамытуға.
- Тақырыптық іс-шаралар: сынып сағаттарын, дәрістер, этика, қарым-қатынас мәдениеті, құрмет сабақтарын өткізу.
- Педагогикалық бақылау: оқушылардың мінез-құлқын үнемі бақылау, олардың мінез-құлқындағы өзгерістерді тіркеу және оқу процесіне деген көзқарас.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері:

8 «Д» сыныбында 31 оқушы бар: 17 ұл және 14 қыз. 8 оқушы белсенді, оқушылардың оқуға деген ынтасы бар. Сыныпта 5 оқушы "4 пен 5" оқиды. Өзінің интеллектуалды дамуы мен әлеуметтік өмір сүру деңгейі бойынша сынып оқушыларының деңгейі әртүрлі. Кейбір оқушылардың отбасылық жағдайлары қиын. Сыныпта бес оқушы – толық емес отбасы, бір отбасы – қолайсыз, 5 отбасы көп балалы. Сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, мейірімді сынып ретінде көрінді. Сыныпта белсенді балалар бар, ұжымдық жұмыстарда бірлесіп жұмыс атқарады. 8Д сыныпта спортпен шұғылданатын да балалар бар. Олар спорт секцияларына қатысады және футбол, волейбол, баскетбол жарыстарында мектептің намысын қорғайды, сыныптағы эмоционалды климат оң. Оқушылар ашық, басқалардың пікіріне төзімді. Ұжымда іскерлік ынтымақтастық, өзара түсіністік, әркімнің өзі үшін және бүкіл ұжым үшін жауапкершілігі бар. Сынып оқушыларының көпшілігі ашық және оңай араласады, бірақ жабық, мазасыз және сенімсіз балалар да бар. Кішкене ерекшеліктерді қоспағанда, сынып мұғалімдермен оңай байланысқа түседі.

Оқушылар ұжымдық істерді орындау үшін өздерін ұйымдастыра алады, жұмысты өздері бөледі. Олар мұны істей алады, бірақ кейде оларға көмектесу, қолдау көрсету қажет. Оқушылар белгілі бір істерді орындау кезінде бір-бірін сынып сағаттарында мұқият тыңдайды, бірақ өз құқықтарын қорғай алады. Сыныпта қоғамдық пікір бар. Оқушылар жолдастарының жақсы істерін, мысалы, бір-біріне, мұғалімдерге құрметпен қарауды мақұлдайды. Олар дәрекілік, өз міндеттерін орындамағаны үшін айыптайды. Мақұлдау немесе мақұлдамау сөзбен де, іспен де білдірілуі мүмкін, мысалы, сынып сағаттарында талқылау. Жаман істер жасаған оқушылар жалпы мектеп құрамына кіре алады. Сыныпта өзін-өзі сынау да бар. Мектеп оқушыларының қарым-қатынасында гуманистік бағыт басым.

21.11.2024ж 8 «Д» сыныбының тәрбие сағатына қатыстым. Сынып жетекшісі Бильтаева М.С. Сынып сағатына оқушылар белсенді қатысып отырды, сынып жетекшісіне деген оқушылардың құрметі жоғары. Қатысқан оқушылар саны – 20. Барлық оқушылар саны – 31. Бұл дегеніміз қадағалаудың, оқушылар жауапкершілігінің жоқтығын көрсетеді. Сыныпта мектеп формасы талаптарын сақтамаған 5-6 оқушы болды. Пән сабақтарына сырттай бақылау жүргізілді. Оқушылар сабақта ұялы телефонмен отырады, пән мұғалімдері байқамайды немесе белгілі шара қолданбайды. Сынып жетекшісіне ұсыныстар мен

кемшіліктер туралы ескертілді. Сыныппен ұжымдық тәрбиелік ашық іс-шаралар ұйымдастыру тапсырмасы берілді.

11 «Ғ» сынып жетекшісі - Жашибай С.Д. Бұл сыныппен қыркүйек айынан қадағалау жұмысы жүргізілуде. Себебі сабаққа кешігу, сабақтан себепсіз қалу жағдайлары өте жиі орын алды. 11 «Ғ» сыныбында 30 оқушы, оның 16-сы қыз бала, 14-і ұл бала. Сыныпта оқу озаты Кенесова Амина, 7 оқу екпіндісі бар. Білім сапасы 26,67%. Сыныптың оқу үлгерімі 100 %, тәртіптері қанағаттанарлық. Сабақты жиі босататын оқушы-Махамбетова Асел.

Сынып оқушылары ауызбіршілігі мол, кез келген іске бірлесе ат салысады, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Мектеп қабырғасында үнемі іш шараларға қатысып, жарыстарға қатысып, жүлделі орын алып жүр. Оқушылардың бәрі дерлік досқа адал, сөзге берік, адамгершіліктері жоғары, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі.

Оқушылар бос уақыттарында түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысады. Ата - аналардың балаларға көзқарасы нық, қадағалау процесі жақсы жүреді.

Сынып жетекшісі оқушылармен күнделікті жұмыс жүргізіп отырады. Сабаққа келуі, тәртібі, формасын тексеріп қадағалайды. Алайда оқушылардың сыртқы келбеттері өте нашар. Аптаның сейсенбі күндері сынып сағатын өткізеді, түсіндірме, тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Сыныптың ұйымшылдығын арттыру мақсатында тәрбие сағаттарында ойын ойнап, топтарға бөлініп көрініс көрсетіп, өнерлерін ортаға салады.

Ата-анамен байланыс жүргізіледі. Сабақтан жиі қалатын оқушылардың үйіне барып Акт жүргізеді. Махамбетова Асел мектепшілік есептер тізімінде. Әлеуметтік жағдайы төмен, сабақтан жиі қалады, оқу үлгерімі төмен. Түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аселді қадағалау дәптері бар, күнделікті тіркеп, жазып отырады. Әкімшілікке хабардар етіп отырады. Ата-аналар жиналысын уақытында өткізіп тұрады.

Сабаққа кешігіп келетін оқушылар бар: Жукушев Тамерлан, Ережеп Сымбат, Жаңаберген Санжар, Маджитов Шоқан. Жаңаберген Санжар мен Маджитов Шоқанның аналарын мектепке шақыртып жеке әңгімелеулер жүргізілді. Балалар бос уақыттарында жұмыс жасайды. Дүкенде сатушы және даяшы болып істейді. Шоқанның анасы әлеуметтік жағдайы төмен болуына байланысты, анасына көмектесу мақсатында жұмыс жасайтынын айтты. Анасы хабардар. Енді түзелетінін және сабаққа көп көңіл бөлетіндерін айтты. Жукушев Тамерланның анасы мектепке шақыртылды, алайда келген жоқ. Телефонмен сөйлесіп отырады, анасы баласының мінезі қиын екенін айтқан. Анасы, әкесінің ескертулеріне құлақ аспайтынын, тыңдамайтынын айтты. Ережеп Сымбаттың анасымен байланыстамын, Сымбат түзеліп келе жатқанын айтты. Жаңаберген Санжар Аруна дүкенінде сатушы болып істейді, анасы енді желтоқсан айынан бастап жұмыстан шығатынын айтты. Түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жеке әңгімелесу жүргізілді. Ұлдармен жұмысты күшейту мақсатында әкелер чаты ашылған. Сонда күнделікті ұлдардың тәртібі, кешігуі, сабаққа деген дайындығы және ұлдарға қатысты барлық мәліметтер жіберіліп отырады.

19.11.2024ж 11 «Ғ» сыныбында ашық тәрбие сағаты өтілді. Тақырыбы: «16 қараша халықаралық толеранттылық күні». Сабақты ұйымдастыру кезеңінің алғашқы бөлігінде ынтымақтастықты орнату тренингі жүргізіліп, бір-біріне құрмет көрсету, жақсы жылы сөздер айтумен басталды. Тақырыпты ашуға байланысты ашық сұхбат алаңы орнатылды. Рөлдік ойындар ойнатылып, топтық презентация жұмыстары жүргізілді. Сынып атмосферасы өте жақсы қалыпты деңгейде өтті. Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жақсы орнаған, сабаққа деген оқушылардың қызушылығы көрініп тұрды. Мектеп формасы талаптарын орындау орташа деңгейде. Сынып жетекшіге ескерту, ұсыныс берілді.

9 «И» сынып жетекшісі – Кемелханова Узим Курманбековна. Қазан айынан бастап жетекшілікті алды. Сынып жетекшісі оқушылармен бірден тығыз қарым-қатынас орната алды, үнемі бақылауда ұстайды. Жалпы сыныпта 31 оқушы бар: 19 ұл, 12 қыз бала. Оның 7-уі жыл басынан бері жаңадан келген оқушылар. Сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыруда ұйымшыл. Қыздардың кейбірі қоғамдық жұмыстарға, мектепшілік іс-шараларға белсенді қатысады. Сынып белсенділері өз жұмыстарына тиянақты орындауға тырысады. Адамгершілік қасиеттері бар. Сыныптың әлеуметтік жағдайы орташа. Толық отбасы -27, толық емес отбасы – 4 және көпбалалы отбасы-11. Мектепшілік ыстық тамақпен 1 оқушы-Ағыбай Арғын қамтамасыз етілген. Ержан Ертілек пен Ордабек Жанетта мектепшілік бақылауға алынған. Сыныптың жартысына жуық оқушысы мектептен тыс үйірме, секцияларға барады. Сыныпта 3 екпінді оқушы бар. Сыныптың оқу үлгерімі 100%, сапасы 10% құрайды. Жалпы, сыныптың сабаққа ынталары төмен, тәртіптері қанағаттанарлық деңгейде. Сабақта мұғалімдерден тәртіптері мен сабаққа кешігіп келулері тұрғысынан жиі ескертулер алады.

Мектепшілік бақылауда тұрған Ордабек Жанеттаның анасымен профилактикалық алдын алу, ескерту жұмыстары жүргізілді. Оқушының әрбір сабаққа кешіккен, келмеген күндері бойынша сынып жетекші ата-анамен байланысып, хабардар етіп отырады.

Мектептің ішкі тәртібін бұзған екі оқушы Сайлау Бекболаттың анасы мен Ағыбай Арғынның ағасы мектепке шақыртылды. Оқушылардың тәртіптері қаралды. Сайлау Бекболаттың анасы мектептегі ата-аналар жиналысына, мектепшіндегі іс-шараларға белсенділік танытады.

Сыныптың оқуға ынталарын арттыру мақсатында «Назарбаев Университетіне» экскурсияға жіберілді. Оқушыларға экскурсия өте ұнады. Кейбір оқушылардың ынтасы артып, өз алдарына мақсат қоюына көмектесті деп ойлаймын. Сыныптың татулығын арттырып, өзара қарым-қатынасты нығайту мақсатында сыныппен мектептен тыс іс-шара ұйымдастырылды. Жаңадан келген оқушылардың сыныппен араласуына, балалардың бір-бірімен жақын танысуына оң әсерін тигізді.

Әр апта сайын тәрбие сағаттары өткізіледі. Пән мұғалімдерінен сыныптың тәртіптері мен оқу үлгерімдері үнемі сұралып, бақылауға алынды. Мектептегі іс-шаралар, оқушылардың жетістіктері мен ескертулері, сабаққа кешіккен оқушылар болса, ата-анасына күнделікті хабар беріліп отырады. Кері байланыс жасалады. Сабақтан жиі кешігіп жүрген оқушылардың ата-аналары мектепке шақыртылды.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- Көптеген сыныптарда тәртіп деңгейі жақсарды, жанжал жағдайларының саны азайды.
- Оқушылардың бір-біріне, сондай-ақ мұғалімдер мен мектеп қызметкерлеріне деген құрметі едәуір артты.
- Бұрын мінез-құлқында проблемалары бар кейбір оқушылар мектеп істерінде бастама көтеріп, оқуға жауапкершілікпен қарай бастады.
- Мұғалімдер мен ата-аналар арасында ұжым туралы оң пікір қалыптасты.

Қорытынды: Аталған сыныптарда оқушылар мен сынып ұжымының қарым-қатынасын одан әрі біріктіру және үйлестіру бойынша іс-шаралар өткізіледі. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне назар аудару, адамгершілік мәселелеріне әңгімелер жүргізу, өзекті мәселелерді талқылау, сыныптағы үлгерімді арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыру әлі де

қажеттілікті тудырады. Оны дамыту және тәрбиелеу мақсатында әр оқушыға қолайлы жағдай жасау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет.

Ұсыныстар: Жұмысты жалғастыру және оң нәтижелерді бекіту үшін:

- Адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізуді жалғастыру.
- Психолог пен әлеуметтік қызметкерлердің қатысуымен әлеуметтік мінез-құлықтың алдын алудың іс-шараларын ұйымдастыру.
- Тұрақты байланыс пен іс-әрекетті үйлестіруді қамтамасыз ету үшін ата-аналармен өзара әрекеттесуді күшейту.
- Мектеп іс-шараларын ұйымдастыруда оқушылардың бастамасын дамыту, бұл жауапкершілік пен ұжымшылдық сезімін арттыруға көмектеседі. Жүргізілген жұмыс білім деңгейі төмен сыныптардағы жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді және осы іс-шаралардың жалғасуын ескере отырып, оқушылардың мінез-құлқында тұрақты оң өзгерістерге қол жеткізуге болады деп санаймын.

Тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігін талдау.

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді орындағанын атап өткен жөн. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық тәрбие іс-шараларының үйлестірілуі, олардың педагогикалық орындылығы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттердің келісімділігі мектептің тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұған қол жеткізудің әртүрлі деңгейлері дәлел бола алады.

Мектептің тәрбие жұмысын SWOT – талдау. Тәрбие сараптамасы тәрбие жұмысының жоғары немесе төмен, жағымды және жағымсыз нәтижелері, жүргізілген жұмыстың кемшіл тұстарының алдын алу немесе сәттілік даму жолдарын анықтау.

Күшті жақтары	Әлсіз тұстары
☐ Сынып жетекшілер «Шабыт», «Қамқор», «Ұшқыр ой алаңы» секілді жобаларды белсенді түрде жүзеге асыра білді. ☐ Ата-аналармен тұрақты түрде жиналыстар мен кездесулер ұйымдастырылды	☐ Кейбір сынып жетекшілер тәрбие жоспарын уақытында ұсынбады. ☐ Себепсіз сабақ босату көрсеткіші 30%-ды құрайды, бұл оқу үлгеріміне теріс әсер етеді. ☐ Кейбір сынып жетекшілер қауіпсіздік сабақтарын журналға енгізу жұмысын нашар орындады. ☐ Тәуекел тобындағы оқушылардың саны жоғарылап, құқық бұзушылықтар жиі орын алды.
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
☐ Жаңа жобаларды енгізу, заманауи әдістер мен технологияларды пайдалану. «Smart bala» жобасы арқылы оқушылардың мүмкіндіктерін ашу.	☐ Оқушылардың сабаққа қатысуының төмендеуі және тәртіп бұзушылықтардың артуы. ☐ Оқушылар арасында психологиялық

☐ Ата-аналармен жұмыс деңгейін арттыру, форумдар мен семинарлар өткізу. Сынып жетекшілер үшін біліктілікті арттыру семинарларын ұйымдастыру. ☐ Оқушылардың құқық бұзушылықтарын мониторингтеу жүйесін жетілдіру.	проблемалардың пайда болуы. ☐ Мектептегі қауіпсіздік жағдайлары мен құқық бұзушылықтардың күрделенуі.
--	---

Жалпы, мектептің тәрбие жұмысы тиімділігін арттыру үшін күшті жақтарды пайдалану, әлсіз жақтарды жою, мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және қауіптерді болдырмау үшін кешенді шаралар қабылдауы қажет.

Келесі 2025-2026 оқу жылына міндеттер:

1. Тәрбие жұмысындағы жетістіктерге негізделген рейтингтерді шығаруды жалғастыру.
2. Тәртіп бұзушылық фактілері жиі орын алған 6Б, 6И, 6ІТрус, 7Б, 7ІТқаз, 7ІТ орыс, 7З, 7Л, 7И, 7Д, 8Б, 8Ғ, 8Ж, 8М, 9Е, 9З, 10Ә, 10Ғ, 10Д сынып сағаттарына қатысу жоспарлансын.
3. Сынып жетекшілер үшін жобаларды тиімді жүзеге асыру жөнінде оқыту семинарларын ұйымдастыру.
4. Сынып жетекшілер: 9 «И» Кемелханова У.К., 8 «А» Жайлаубаева Е.Н., 10 «Ә» Макенова М.С оқушылардың ассоциалды мінез-құлқының алдын алу бойынша 2025-2026 оқу жылында жұмысты күшейту, девиантты мінез-құлық балалары мен олардың отбасыларына бақылау, жеке істерін жүргізуді жалғастыру. Жазғы демалыс уақытында оқушыларды назарда ұстап, бос уақыттарын ұйымдастыру.
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу менеджерлері үшін кәсіби біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.
6. Оқушылар мен ата-аналарға арналған құқықтық мәдениетті арттыру бойынша қосымша семинарлар мен тренингтер өткізу.
7. Оқушылардың құқық бұзушылықтарын мониторингтеу жүйесін күшейту, олардың себептерін тереңірек талдау.
8. Қолайсыз отбасылармен жүргізілетін жұмысты күшейту, әлеуметтік қызметтермен бірлесе отырып, отбасылық жағдайды жақсартуға бағытталған шараларды енгізу.
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу жобаларын әрі қарай дамыту, жаңа идеялар мен инновациялық тәсілдерді енгізу.
10. - Сынып жетекшілеріне оқу сабақтарына қатысудың ЖҮЙЕЛІ МОНИТОРИНГІН және білім алушылардың рұқсаттамалардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмысты жүзеге асыруды жалғастыру;
11. - Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын орындаудағы ата-аналардың жауапкершілігіне назар аударатын ата-аналармен бірлескен қызмет бағыттарын кеңейту.
12. - Махамбетова Аружан 6А, Қасымұлы Ардақ 10Ғ, Мейрам Саида 9Е, Бектанова Арина 9Е, Карибаева Асем 9Ж, Бейсенова Лаура 9З, Смаилова Инеш 9З, Сапакова Ямин 9З, Махамбетияр Дамир 9И, Шырынбек Мейірім 9И осы оқушылардың сабаққа қатысуын қатаң бақылауға алуды жалғастыру.

13. Үйірмелер, секциялар жетекшілері жұмысты заманауи нысандар мен әдістерге сәйкес әртараптандырсын, АКТ-ны пайдалансын, ата-аналар жиналыстарында жарнама жасау, мектепте, қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы мүмкіндігінше көп оқушылар тартылсын.
14. Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін есепте тұрған оқушылар үйірмелермен толыққанды қамтамасыз етілсін.
15. Тамыз, қыркүйек айында түлектердің жұмысқа орналасуы немесе оқуға түскендігі бойынша сынып жетекшілер уақытылы ақпарат жинауды ұйымдастырсын.
16. Мектептің психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында психологиялық қолдау жұмыстарын күшейту.
17. Тәуекел тобындағы оқушылармен түзету-дамыту, диагностикалық зерттеу жұмыстары жандандырылсын.
18. 2025-2026 оқу жылында ата-аналармен жұмысты төмен деңгейде ұйымдастырған Өмірзақ М.А., Донбаева Ж.Е., Сарина Х.Б., Бильтаева М.С., Камалиденова Г.Б., Устенбеков А.С., Утегенова А.Т., Төлеген М.Т., Орымбаева Г.М. сынып жетекшілердің жұмысын бақылауға алу.
19. 2025-2026 оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын (бұйрық, жоспар, ата-ана тізімі, құрамы, хаттамалары) жандандырылсын.
20. Сынып жетекшілердің құжаттамаларының дұрыс рәсімделуін тексеру жұмысы 2025-2026 оқу жылында жалғасын тапсын.
21. Оқушылардың сынып сағаттарында алған білімдері бойынша арнайы тестілеу немесе бағалау жүргізу жоспарлансын.
22. 2025-2026 оқу жылында 7Ж, 7К, 7Л, 7М, 8Д, 8Е, 9З, 9И, 10Д сыныптарының міндетті мектеп талаптарын орындауы бойынша рейд жұмысы жалғасын тапсын.
23. Адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу, психолог пен әлеуметтік қызметкерлердің қатысуымен әлеуметтік мінез-құлықтың алдын алудың іс-шараларын ұйымдастыру жұмысы қолға алынсын.
24. Мектеп іс-шараларын ұйымдастыруда оқушылардың бастамасын дамыту жұмысы іске асырылсын.

2024-2025 оқу жылында жалпыға міндетті оқу қорынан (всеобуч) берілетін көмек

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесі негізінде аз қамтылған, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған 2024 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында жыл сайынғы «Жүректен жүрекке!» ұранымен өтетін «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді. Тамыз айының басында Астана қаласы №72 мектеп-лицейінде мектеп әкімшілігімен бірлесіп «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылатын іс-шаралар жоспары құрылып, бұйрық шығарылды. Жұмыс жоспары құрылды. Акцияның өту барысы туралы стенд түрінде ақпараттық бұрыш дайындалды., т.б материалдар ілінді, сайтқа жіберілді.

2024-2025 оқу жылдында жалпыға міндетті оқу қорынан (всеобуч) көмек алған оқушылар саны: 180

Жаңа мектепке оқу жылында қаражат бөлінбеуіне байланысты №72 мектеп-лицей №98 мектепке 18 оқушыға (всеобуч) бойынша көмек берді.

Әлеуметтік санаттар:

АСП-52

Прожитка-10

Сирота-16

Иная категория-102

ЧС-0

1-4 сынып –54 оқушы

5-9 сынып-83 оқушы

10-11 сынып-13 оқушы

2024-2025 оқу жылына арналған мектептің әлеуметтік паспорты

Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспорты жабдықталды. Әртүрлі санаттарға жататын оқушылар тізімі жаңартылды және түзетулер енгізілді.

Жалпы оқушы саны: 4438

Бастауыш 1-4 сыныптар: 1977

Орта буын 5-9 сыныптар: 2059

Жоғары буын 10-11 сыныптар: 402

<i>№</i>	<i>Әлеуметтік санаттар</i>	<i>Саны</i>	<i>%</i>
15.	Көп балалы отбасы	789	17,7%
16.	Толық отбасылар	3221	72,5%
17.	Толық емес отбасылар	400	9,01%
18.	Өгей анасымен	6	0,13%
19.	Өгей әкесімен	46	1,03%
20.	Анасы жоқ балалар	19	0,42%
21.	Әкесі жоқ балалар	381	8,58%
22.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	102- отбасы 158 бала	2,29%

23.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	8 отбасы 14 оқушы	0,18%
24.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	28	0,63%
25.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	2	0,04%
26.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	2	0,04%
27.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	6	0,13%
28.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	4	0,09%

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы 2024 жылғы 31 тамыздан бастап, қыркүйек айының соңына дейін жалғасты.

«Ақниет» қайырымдылық фондының атынан аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушыларға мектепке қажетті сөмке мен құрал-жабдықтар бөлінді.

❖ №	❖ Тауардың атауы	❖ Саны
❖ 1	❖ Мектепке арналған сөмке	❖ 40 шт
❖ 2	❖ Түрлі түсті қаламдар	❖ 40 шт
❖ 3	❖ Сызғыштар	❖ 40 шт
❖ 4	❖ Қаламдар	❖ 40 шт
❖ 5	❖ Пенал	❖ 40 шт

Алматы ауданы әкімі атынан аз қамтылған отбасыларға 20 мектепке арналған сөмкелер берілді.

❖ №	❖ Тауардың атауы	❖ Саны
❖ 1	❖ Мектепке арналған сөмке	❖ 20 шт
❖ 2	❖ Түрлі түсті қаламдар	❖ 20 шт
❖ 3	❖ Дәптерлер, әр сөмкеде	❖ 10 шт
❖ 4	❖ Қаламдар	❖ 20 шт
❖ 5	❖ Пенал	❖ 20 шт
❖ 6	❖ Сурет салуға арналған дәптер	❖ 20шт
❖ 7	❖ Күнделік	❖ 20шт
❖ 8	❖ Циркуль	❖ 20шт

№98 мектепке 10 мектепке арналған сөмке берілді.

2024-2025 оқу жылында мектеп оқушыларын оқуға қажетті құрал-жабдықтармен, рюкзактармен және азық-түлікпен бюджеттен тыс демеушілер тарапынан да көмекпен қамтамасыз етілді:

№	ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
1	2024-2025 оқу жылында жалпыға міндетті оқу қорынан (всеобуч) бөлінген 43,407 тенге көлемінде көмекпен 180 оқушы қамтамасыз етілді.
2	«Мектепке жол» акциясы бойынша Алматы ауданы әкімдігінің тарапынан рюкзактар мен оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алатын отбасыдан шыққан оқушылар саны: 20 оқушы
3	ТОО «СОЦИУМ ПИТ» тұрмысы төмен, аз қамтылған 5 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.
	Республикалық ФОНД KZ тарапынан аз қамтылған 2 отбасы азық-түлікпен қамтамасыз етілді. 2 оқушы
4	Ерікті мұғалімдер аз қамтылған отбасыдан шыққан Қойлыбай Аяла 3«А» сынып оқушысына кеңсе тауарларын, Мейрамбек Назерке 9«И» сынып оқушысы мектепке сөмке, Мейрамбек Мирас 5«А» сынып оқушысына қыстық аяқ киіммен сырт киім алып берді.
5	Аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға «Waihondon» деп аталатын оқу орталығы тегін ағылшын курсына қатысуға мүмкіндік жасады. 5 оқушы
6	Сынып жетекші өз сыныбындағы аз қамтылған отбасыдан шыққан Мирамбек Мирасқа қыстық аяқ киім алып берді.
7	Ерікті ата-аналар тарапынан 9(а,ә,в) сынып оқушылары тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік, қыстық киім кешек, аяқ киіммен қамтамасыз етті. 2 оқушы Рамазан Амина 2«З» сынып, Абайдельдинов Серали 5«Б» сынып Ерікті мұғалім қайырымдылыққа үлесім болсын деген ниетте 10 мың тенге көлемінде ақшалай сыйлық берді.
8	10 А сынып ата-аналары ерікті түрде аз қамтылған 2 отбасыға киім-кешек, сырт киім және аяқ-киіммен қамтамасыз етті.

"Қамқоршы күні" іс-шарасын ұйымдастыру

Қазақстан Республикасында 28 қазан "Қамқоршылар күні" атап өтіледі. Қамқоршылар күні - бұл ерекше мереке, түрлі себептермен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тәрбиесін өз мойындарына алған жандарға арналған мереке күні. Осы мереке қарсаңында 27 қазан күні №72 мектеп-лицейінде мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, "Қамқоршылар күні" атап өтілді.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды өз паналарына алған жандарға алғыс айту дәстүрге айналды. Ол балаларды балалар үйінде емес, өз отбасыларында болуға мүмкіндік беріп, бір отбасыға айналуда.

Қамқоршыларды құрметтеу жоғарғы деңгейде өтті, грамоталар, мерекелік іс-шара жасалынып, тәттілермен шай ішіп жылы кездесумен аяқталды. Қамқоршыларға көптеген жылы сөздер айтылды, балаларға сүйіспеншілік беруге дағдыланған адамдар осы жасап жатқан істеріне әлдеқайда көп нәрсе алатынын бұрыннан түсінген. Осындай іс-шара ұйымдастырып отырған мектеп ұжымына Қамқоршылар өз тарапынан алғыстарын білдірді.

Бастауыш оқушыларымен, әлеуметтік топтағы оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету

1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік санаттағы 62 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Асханамызға ИП «Социумпит» қызмет көрсетеді. Ас мәзірін Тағамтану Академиясы бекітеді. Санитарлық талаптарға сәйкес асханада бастауыш сыныптардың тамақ ішу кестесі бекітілген.

Асханадағы бөлмелер мен құрал жабдықтардың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай санитарлық жағдайда болуын, мектеп асханасының көрінетін жерінде дұрыс тамақтану бұрышын ұйымдастыру, ата-ана үшін «Бақылау асын қою», қолданып жүрген заңдылықтарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз азықтармен асхананың қамтамасыз етілуі, оқушылардың тамақтан улануының алдын алу мақсатында асханада газдалған сусындарды, тез дайындалатын тамақты (гамбургерлер, хот-дог, фаст-фуд тағамдары, чипси, кирешки, қуырылған жұмыртқа) құрамында гинетикалық түрлендірілген ингредиенттері бар өнімдерді бар қолдануға тиым салынуын мектеп медбикесі қадағалап отырады.

Тамақтану сапасы мен ұйымдастырып бақылауды қамтамасыз ету мақсатында бракеражды комиссия құрамы бекітілді. Бракераж комиссия мүшелері асхана жұмысының дұрыс орындалуын, талапқа сай жұмыс жасауын, даярланған астың сапасын, оның мөлшерін және тағам өнімдерінің құжаттары мен бақылау мерзімінің болуын қадағалайды. Мектеп медбикесі тамақ дәрумендерін, құрамын тексеріп акт толтырылып отырылды.

Бракераж комиссия мүшелері 11 адамнан құралып, кестеге сәйкес айына екі рет тексеру жүргізеді. Комиссия құрамында қамқоршылық кеңесінің төрайымы және ата-аналар мен мектеп әкімшілігі бар.

2024-2025 оқу жылында оқушыларды Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған іс-шараларға қамту

2024жылы **алматы ауданы әкімінің** шыршасына 12жасқа дейінгі 3 жетім оқушы барып,арнай тәтті сыйлықтармен жаңа жылдық шыршаға қатысты. 5 «ІТ» сынып оқушысы Байсаматов Нурали, 5«Б» сынып оқушысы Бекжасар Асанәлі , 4«В» сынып оқушысы Бекжасар Аружан;

2024 жылы 24 желтоқсанда «**Президенттік шыршаға**» жетім 3 «Ғ» сынып оқушысы Сейтқали Ерғали,көпбалалы отбасынан,үздік 3 «М» сынып оқушысы Асанхан Алихан барды. Жаңа жылдық көңілді мерекелік кешті тамашалап, сыйлықтарын алды. Атап өтсек,әр оқушы жеке-жеке 100 000 тенге көлемінде сертификат, тәтті сыйлық, ойыншық пен кітап алды.

2024 жылы 25 желтоқсанда өткен «**Қалалық әкім шыршасына**» жетім 5 «ІТ» сынып оқушысы Байсаматов Нурали, 1«А» сыныбынан үздік оқушы Ердембек Медина Ерболқызы барды. Әр оқушы жеке-жеке 50 000 тг сертификат, тәтті сыйлық және ойыншық алды.

Сонымен қатар 28 желтоқсан күні «ағылшын пән мұғалімдері және әлеуметтік педагогтердің» ұйымдастыруымен 1-6 жасқа дейінгі мұғалімдердің балаларына арналған жаңа-жылдық кеш өтті.Түрлі көрініс,ойындар, тәтті сыйлықтар таратылды.

Демеуші, *мәслихат депутаты Джангунаков Б.М.* атынан аз қамтылған оқушыларға тәтті сыйлықтар берілді: 14 оқушы.

Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің атынан аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылардан шыққан оқушыларға тәтті сыйлықтар берілді: 15 оқушы.

ТОО «СОЦИУМ ПИТ» тарапынан аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасылардан шыққан оқушыларға тәтті сыйлықтар берілді: 15 оқушы.

Демеуші «**Аманат партиясы**» тарапынан ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға тәтті сыйлықтар берілді: 3 оқушы.

№72 мектеп лицейінің «Әкелер кеңесі» атынан аз қамтылған,толық емес,мүмкіндігі шектеулі оқушыларға тәтті сыйлықтар берілді. 14 оқушы

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу бағытында іс-шара жоспары психолог, құқық бұзушылықтың алдын алу менеджерімен бірге жасалынды. Осы бағыт бойынша сыныптар арасында мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу менеджерімен бірлесе отырып АКТ ЖБУ жасалып, профилактикалық кеңес өткізілді.

Жыл бойы тәртібі бойынша есепте тұрған, сабаққа кешігетін оқушылармен жекелеген әңгіме жүргізіліп отырды, көп қалатын оқушыларды анықтай отырып, сабаққа келмеу себептерін анықтау үшін, гимназия құқық бұзушылықтың алдын алу менеджерімен, сынып жетекшілерімен үйлеріне барып, ата-анасымен кездесіп, сөйлесіп анықтап акт толтырып отырылды.

- толық және толық емес отбасыларға үздіксіз көмек көрсетілді, нәтижесінде көптеген оқушылардың мектепке дайындықпен келуі қамтамасыз етілді;

-Әлеуметтік жағынан мұқтаж ата-аналарға кеңес беру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп отырды;

-Мектеп асханасының жұмыс тәртібі мен ыстық тамақтың мәзірі үнемі бақылауда болды.

-Әлеуметтік мәртебесі бойынша оқушылар жыл бойы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

-Әлеуметтік мәртебесі бойынша оқушыларды еңбек және сауықтыру лагеріне тарту арқылы жазғы демалыстарын тиімді өткізуіне ықпал етілді.

Жыл бойы өткізілетін **"Жасыл ел"** жобасы 14-16 жастағы ерікті оқушыларды мамыр,маусым,шілде,тамыз айлары бойынша жұмысқа қабылдады.

Мамыр айы 16 жастағы 15 оқушы

Маусым айы 16 жастағы 8,14 жастағы 7 оқушы

Шілде айы 14 жастағы 3оқушы

Тамыз айы 14 жастағы 3 оқушы жұмыспен қамтылды.

Айлық табысы:64560тг Форма беріледі. Оқушылар мектеп ауласында күніне 4 сағ жұмыс жасайды.

Сусн категориясы бойынша мектеп ішілік сауықтыру лагеріне 1-4 сыныптан 59 оқушы тегін қатысты.

12-16 жас аралығындағы оқушылар Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, **ОК "Парус"** қала сыртындағы